

Бекітемін
«Лилия» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
 Л. И. Яворская
« 10 » 09 2025ж.

Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2025– 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
1. Ұйымдастыру жұмысы			
1	Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы 1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен таныстыру. 2. Қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау 3. Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.	Қазан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2	Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы 1. МДҰ -ның жылдық жұмыс жоспарымен танысу. 2. Балабақшада тиімді тамақтануды ұйымдастыру 3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға құрылтайшының есебі 4. Республикалық, халықаралық деңгейде өткен іс-шараларға қызметкерлерді қатыстыру 5. Осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленуші балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы 1. Наурыз мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу. 2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру. 3. Қызметкерлердің аттестацияға дайындығы жайында есеп	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

4.	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу. 2. 2025-2026 оқу жылының есебі 3. Мектепке дейінгі ұйымға ата-аналар тарапымынан балабақшаға спонсорлық көмекгі 4.Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңестің мүшелері
----	---	-------	--

2. Қаржы-қайырымдылық қызметі

2.1	Мектепке дейінгі ұйымға ата-аналар тарапымынан балабақшаға спонсорлық көмекгі	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы бухгалтер
2.2	Бақша құрылтайшысының бақша үшін бөлген қаражатының мақсаты:: - мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау; - мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіру; - дарынды балаларды қолдау; - заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

Бақылау

3.1	Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтану сапасы бойынша есеп	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	Қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін құрылтайшының қаражаттың жұмсалуды.	тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3.4.	Мектепке дейінгі ұйымның қызметі, оның ішінде мемлекеттік қызметті сапалы ұсыну, жұмыс қорытындылары, ата-аналар тарапынан спонсорлық көмек және құрылтайшы есебінен бөлінген қаражаттың есебі жайында.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметінің мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың іс-шараларына, конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу

4.1	Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары туралы түсінік беру	қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, МДҰ әкімшілігі
4.2	ҚР Тәуелсіздік Күнін барлық топтарда тақырыптық сабақтарын бақылау	желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.3	Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленуші балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.4	Ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге анонимді сауалнама өткізу арқылы мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту жағдайларына қанағаттану дәрежесіне мониторинг жүргізу	МДҰ жоспары бойынша	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.5	Республикалық, халықаралық деңгейде өткен іс-шараларға қызметкерлерді қатыстыру.	МДҰ жоспары бойынша	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4.5	Ата-аналар жиналыстарына, қоғамдық тыңдауларға қатысу	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

Қамқоршылық кеңес отырысының №1-хаттамасы

Қатысқандар:10

10.09.2025ж

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау
3. Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз сөйлеп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 №56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қамқоршылық кеңесті құрудың мақсаты – мектепке дейінгі ұйымды оның жарғылық міндеттерін іске асыру үшін қолдау, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны жақсарту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру болып табылатынын айтып, қатысушыларға Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлерді ұсынды, МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері аясын және өкілеттіктеріне сипаттама берді. Сонымен Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамын Комиссия хаттамалық шешім шығарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітілетінін айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның әдіскері У.Ахметова сөз сөйлеп, келген ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңес құрамының тізімін оқып шығып, таныстыру барысында барлық кеңес мүшелерінің аты – жөндерін атап, қызметіне тоқталып өтті. Осы аталған кісілер қамқоршылық кеңесте жұмыстарын жауапкершілікпен атқаратынына сенімді екенін айтып өтті. Динозаврики тобының ата-ана комитеті Ф.Бердыбаева сөйледі, ол МДҰ Қамқоршылық кеңес төрағасының кандидатурасына балабақша құрылтайшысы, әрі меңгерушісі Л.И.Яворскаяны ұсынды, сондай-ақ қамқоршылық кеңесінің хатшысы орнына тәрбиеші С.Маманованы бекітуді ұсынды.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша меңгеруші сөз алып, қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырып, онда «МДҰ - ның жылдық жұмыс жоспары», «Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға», «Мектепке дейінгі ұйымға ата-аналар

тарапымынан балабақшаға спонсорлық көмек» сияқты көптеген тақырыптарды оқып шығып, жылына 4 отырыс ұйымдастырылып өтетінін, хаттамасы толтырылатынын айтып, сөзін қорытындылады.

Шешім:

1. Кеңестің сайлау тәртібі бойынша айтылған мәселелер орындалсын;
2. «Лилия» бөбекжай бақшасының 2025-2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:

1. Яворская Л.И. – Қамқоршылық кеңестің төрағасы.
2. Маманова С.С. – Қамқоршылық кеңестің хатшысы.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

3. Хоменко Л.Л. – бақша тәрбиешісі .
4. Федаренко О.В. – есепші
5. Шишкина Л.В. – бақша ардагері
6. Бердыбаева Ф.Э. – ата-аналардың өкілі.
7. Попова М.Е. – ата-аналардың өкілі.

Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды. Қамқоршылық кеңес мүшелері «Лилия» бөбекжай бақшасының Жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен таныссын.

3.Бүгінгі өткен отырыста Қамқоршылық кеңестің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Төраға

Хатшы





Қамқоршылық кеңес отырысының №2-хаттамасы

Қатысқандар: 7

19.12.2025

Күн тәртібі:

1. МДҰ -ның жылдық жұмыс жоспарымен танысу.
2. Балабақшада тиімді тамақтануды ұйымдастыру жайында
3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы жайында меңгерушінің есебі
4. Қызметкерлердің Республикалық, халықаралық деңгейде өткен іс-шараларға қатысқандығы жайында есеп
5. Осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленуші балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру бойынша есеп

Мәселелерді талқылау барысы:

1. Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі сөз алып, бөбекжай-бақшасының жылдық жоспарымен таныстырып өтті. Бұл оқу жылының мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру. Сонымен қатар, балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын оята отырып, тіл байлығын дамыту. Балалардың экологиялық мәдениетін, құқықтық және сауаттылық негіздерін қалыптастыру деп толық оқып беріп, міндеттерімен таныстырды. Бақша тәрбиешілернің оқу жылы ішінде өткізетін ашық сабақ тақырыптарымен таныстырды. Оқу жылы ішінде барлық топтарда өткізілетін дене шынықтыру бойынша сайыстар мен сауықтыру кештерінің тақырыптарымен таныстырды, олардың көбісі жоспар бойынша қыркүйек, қазан және қараша айларында өткендігін, видеоларын инстаграмм парақшасына салғандығын айтты. Одан соң жыл бойына ұйымдастырылып отырған ертеңгіліктер мен тақырыптық сабақтарды, өткізілетін көрмелер мен челлендж тақырыптарын, ата-аналарға және балаларға жыл бойы беретін кеңестер тақырыптарымен, педагогикалық, өндірістік және әдістемелік кеңестер тақырыптарымен таныстырып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның медбикесі М.Попкова сөз алып, бақшада тиімді тамақтануды ұйымдастыру – балалардың денсаулығы мен дамуының кепілі екендігін, оңтайлы жағдай жасау үшін мәзірдің теңгерімділігі (калория мен дәрумендер), жеке

диеталық қажеттіліктерді сақтау, санитарлық нормаларды қатаң ұстау және балаларды тамақтануға қызықтыру маңызды рөл атқаратынын айтып, мәзірдің әртүрлілігі мен калориясы баланың жас ерекшелігіне сай болуы қажеттігін, күнделікті мәзірде көкөністер, жемістер, сүт және ет өнімдері міндетті түрде қамтылуы тиістілігі жайында айтты. Сонымен қатар, дастархан жаю мәдениетінде ыдыс-аяқтар балалардың бойы мен жасына сай, қауіпсіз әрі әдемі болуы керектігін, санитарлық-гигиеналық талаптар бойынша тамақ блогында санитариялық нормалар қатаң сақталуы керектігін айтты. Бақылау мен сапаны қамтамасыз ету үшін балабақша медбикесі мен арнайы құрылған комиссия әрбір тағамның сапасын (бракераж) тексеріп, дайын өнімдердің тәуліктік сынамасын алып отыруы тиіс деп толық айтып өтті.

3. Үшінші мәселе бойынша «Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы жайында меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды. Лилия бақшасында 6 топтың жұмыс жасайтынып, әр топта қабылдау бөлмесі, бөлек ойын бөлмелерінің, асхана бөлмесінің, жатын бөлмесі мен жуынатын бөлме және әжетхана бөлмелерінің бар екендігін және осы бөлмелердің барлығы талапқа сай жаңа жиһаздармен жабдықталғанын айтып өтті.

Ойын бөлмелерінде балалардың танымдық дамуына арналған әртүрлі дамытушы ермек-ойыншықтары, қуыршақтардың түр - түрлері, ойыншық ыдыстар жиынтығы, көліктер жиынтығы, ұлттық аспаптар ойыншықтары, т.б.барын және әр топта кітапхана бұрышы, балаларға арналған сұлулық салоны, дәріхана, дүкенше ойын бұрыштары, қазақтың ұлттық бұрыштар бар екенін айттып өтті. Әр топқа баланың моторикасын дамыту мақсатында арнайы құм терапиясын өткізетін құм салғыш (песочница) сатып алынғанын айтты. Әр қабырғада балалардың танымдық процестерін дамытуға арналған суреттер, математикалық сандар мен жыл мезгілдерінің суреттері, т.б. ілінгенін, әр топта өте әдемі перделердің тіктірілгенін және дәліздерде қалың дорожкалардың салынғанын айтты. Ал жатын бөлмелері 25 балаға арналған кроватьтары мен төсек жабқыштарының барын, ал асханасында ыдыс аяқ салатын шкафтың, ыдыс аяқ жуатын раковиналардың барын айтып өтті. Сөз соңында музыкалық залдың ішінде кілемдер мен әдемі перделермен жабдықталғанын және ол жерге арнайы ноутбук пен музыкалық колонканың сатып алынғанын айтып өтті. Ал аулада әр топқа арналған ойын беседкалардың, құм ойынына арналған құм салғыштар мен әткеншектер, турниктер және футболдық сетканың бар екенін айтты. Медбике, әдіскер және есепші кабинеттеріне де тоқталып өтті. Сонымен қатар, музыкалық залдың ішіндегі орындықтарды, лучик тобында балалардың тамақ жейтін тарелкаларын жаңарту үшін қаражат бөліп жатқанын айтты. Алдағы жаз уақытында музыкалық залда ремонт жүргізіп, қыркүйек айына дайындайтынын айтты. Қорытындылай келе

бақшаның материалдық – техникалық базасын толық қанды қамтамасыз ету құрылтайшы есебінен деп сөзін аяқтады..

4. Төртінші мәселе бойынша «Республикалық, халықаралық деңгейде өткен іс-шараларға қызметкерлерді қатыстыру» бойынша сөз кезегін бақша әдіскер У.О.Ахметова алды. Биыл бақша тәрбиешілерінің жеке жеке аты жөндерін атап өтіп, олардың Қазақстан Республикасының Президентінің 2024 жылғы Жолдауын насихаттау аясында балаларға арналған «Жас ғалым» атты республикалық байқауға әділ қазы алқасы ретінде қатысып, қатысушылардың жұмыстарын бағалап, сертификат, алғыс хаттармен марапатталғанын, Білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі тақырыбында өткен Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, мақала жазып, алғыс хатпен марапатталғанын және барлық топтың тәрбиешілері өз топтарындағы балаларды Республикалық деңгейде өткен «Аяз атаға хат», «Мұқағалидің өлеңдері», «Абай өлеңдері» атты іс-шараларға, сайыстарға қатыстырып, балалардың алғыс хатпен марапатталғанын, тәрбиешілерге де балаларды қатыстырғаны үшін мадақтама бергенін айтып, қатысқан балалардың аты-жөндерін оқып шықты.

5. Бесінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші алып, балабақшаға балалар қабылданып жатқанында, әлеуметтік карталарын толтыру барысында біздің бақшамызда осал топқа жататын отбасыдан шыққан балалардың жоқ екені анықталғанын, яғни баланың отбасы толық немесе жалғыз басты ана асырап отырған күнде де жақсы қызметте жұмыс жасайтыны, өздерінің жеке кәсіптері бар екені анықталғанын айтып өтті. Сондықтан құрылтайшы өз қаражатынан толық балабақша балаларына жаңа жыл мерекесіне орай сыйлық есебінде банан мен тәттілерді таратып, балалардың көңіл күйлерін көтерді және әрбір қызметкерге рахат компаниясының кәмпиттері салынған сыйлықтарды тарту еткенін айтып өтті.

Шешім:

1. МДҰ -ның жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жасалсын;
2. Балабақшада тиімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша меңгеруші, медбике тарапынан қатаң бақылау жүргізілсін;
3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы жайында меңгерушінің есебі қабылдансын, материалдық – техникалық база қажет болған жағдайда жаңартылып отырсын;
4. Қызметкерлердің Республикалық, Халықаралық деңгейде өтетін іс-шараларға қатысуын жалғастырсын;
5. Осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленуші балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру бойынша есеп қабылдансын.

Қамқоршылық кеңес отырысының №3-хаттамасы

Қатысқандар:10

12.03.2026ж

Күн тәртібі:

1. Наурыз мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу туралы.
2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру.
3. Қызметкерлердің аттестацияға дайындығы жайында есеп

Мәселелерді талқылау барысы:

1. Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, жылда Наурыз мерекесіне орай балабақшамызда Наурыз көже, бауырсақтар пісіріліп, таң азанда бақшамызға балаларын алып келген ата-аналарға дәм тартуға беретінін айтты. Бақшамызда таң азанымен Наурыз туралы керемет ән қойылып, келген балалар мен ата-аналарына мерекелік көңіл күй сыйлатқанын, мектепалды даярлық топтары мен ересек топ балаларының ертеңгілікке дайындалып жатқанын айттып өтті. Ертеңгілік барысында балалар керемет тақпақтарын айтып, қазақтың ұлттық билеріне билеп, Алдар көсе мен Байдың рөлдерін сомдап, көрініс көрсететінін, балалар ұлттық ойындар ойнайтынын және ертеңгілік соңында Қыдыр атамыз ортаға шығып, балаларға, қонақтарға өз ақ батасын беретінін, мерекеге орай тәрбиешілер ұлттық комзолдарды киіп, өз топтарын сәнді безендіріп, дайындап жатқанын айтты.

2. Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып көктем мезгілі келгеннен МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру жұмыстары қарқын басталып кеткендігін және бұл жұмыстың балалардың қауіпсіздігі мен эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін кешенді процесс екені айтып, бақшамызда бақша күтушісі Б.Сахимбаевқа арнайы тапсырма берілгенін, жаңадан ағаштар отырғызылып, керемет гүлдер егіліп, газондар қырқылып, ағаштардың түптері әктелгенін айтты. Ал тәрбиеші көмекшілері сырттағы балалардың ойнайтын беседкаларды жуып, әткеншектерді жуып, балалар үшін дайындап қойғанын айтты. Сонымен қатар, ойын алаңында әткеншектердің, бақшадағы қоршаулардың боялғанын айтты. жаз уақытында балалардың таза бассейнде шомылулары үшін, жұмысшыларды шақыртып, бассейнді жөндеу жұмысынан өткізіп жатқанын айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша «Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы жайында меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды. Лилия бақшасында 6 топтың жұмыс жасайтынын, әр топта қабылдау бөлмесі, бөлек ойын бөлмелерінің, асхана бөлмесінің, жатын бөлмесі мен жуынатын бөлме және әжетхана бөлмелерінің бар екендігін және осы бөлмелердің барлығы талапқа сай жаңа жиһаздармен жабдықталғанын айтып өтті.

Ойын бөлмелерінде балалардың танымдық дамуына арналған әртүрлі дамытушы ермек-ойыншықтары, қуыршақтардың түр - түрлері, ойыншық ыдыстар жиынтығы, көліктер жиынтығы, ұлттық аспаптар ойыншықтары, т.б.барын және әр топта кітапхана бұрышы, балаларға арналған сұлулық салоны, дәріхана, дүкенше ойын бұрыштары, қазақтың ұлттық бұрыштар бар екенін айтты. Әр топқа баланың моторикасын дамыту мақсатында арнайы құм терапиясын өткізетін құм салғыш (песочница) сатып алынғанын айтты. Әр қабырғада балалардың танымдық процестерін дамытуға арналған суреттер, математикалық сандар мен жыл мезгілдерінің суреттері, т.б. ілінгенін, әр топта өте әдемі перделердің тіктірілгенін және дәліздерде қалың дорожкалардың салынғанын айтты. Ал жатын бөлмелері 25 балаға арналған кроватьтары мен төсек жабқыштарының барын, ал асханасында ыдыс аяқ салатын шкафтың, ыдыс аяқ жуатын раковиналардың барын айтып өтті. Сөз соңында музыкалық залдың ішінде кілемдер мен әдемі перделермен жабдықталғанын және ол жерге арнайы ноутбук пен музыкалық колонканың сатып алынғанын айтып өтті. Ал аулада әр топқа арналған ойын беседкалардың, құм ойынына арналған құм салғыштар мен әткеншектер, турниктер және футболдық сетканың бар екенін айтты. Медбике, әдіскер және есепші кабинеттеріне де тоқталып өтті. Қорытындылай келе бақшаның материалдық – техникалық базасын толық қанды қамтамасыз ету құрылтайшы есебінен екенін айтып өтті.

4. Төртінші мәселе бойынша «Республикалық, халықаралық деңгейде өткен іс-шараларға қызметкерлерді қатыстыру» бойынша сөз кезегін бақша әдіскер У.О.Ахметова алды. Биыл бақша тәрбиешілерінің жеке жеке аты жөндерін атап өтіп, олардың Қазақстан Республикасының Президентінің 2024 жылғы Жолдауын насихаттау аясында балаларға арналған «Жас ғалым» атты республикалық байқауға әділ қазы алқасы ретінде қатысып, қатысушылардың жұмыстарын бағалап, сертификат, алғыс хаттармен марапатталғанын, Білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі тақырыбында өткен Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, мақала жазып, алғыс хатпен марапатталғанын және барлық топтың тәрбиешілері өз топтарындағы балаларды Республикалық деңгейде өткен «Аяз атаға хат», «Мұқағалидің өлеңдері», «Абай өлеңдері» атты іс-шараларға, сайыстарға

қатыстырып, балалардың алғыс хатпен марапатталғанын, тәрбиешілерге де балаларды қатыстырғаны үшін мадақтама бергенін айтып, қатысқан балалардың аты-жөндерін оқып шықты.

5. Бесінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші алып, балабақшаға балалар қабылданып жатқанында, әлеуметтік карталарын толтыру барысында біздің бақшамызда осал топқа жататын отбасыдан шыққан балалардың жоқ екені анықталғанын, яғни баланың отбасы толық немесе жалғыз басты ана асырап отырған күнде де жақсы қызметте жұмыс жасайтыны, өздерінің жеке кәсіптері бар екені анықталғанын айтып өтті. Сондықтан құрылтайшы өз қаражатынан толық балабақша балаларына жаңа жыл мерекесіне орай сыйлық есебінде банан мен тәттілерді таратып, балалардың көңіл күйлерін көтерді және әрбір қызметкерге рахат компаниясының кәмпиттері салынған сыйлықтарды тарту етіп, 5000 тг премия бергенін айтып өтті.

Шешім:

1. МДҰ -ның жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жасалсын;
2. Балабақшада тиімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша меңгеруші, медбике тарапынан қатаң бақылау жүргізілсін;
3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы жайында меңгерушінің есебі қабылдансын, материалдық – техникалық база қажет болған жағдайда жаңартылып отырсын;
4. Қызметкерлердің Республикалық, Халықаралық деңгейде өтетін іс-шараларға қатысуын жалғастырсын;
5. Жаңа жыл мерекесіне орай құрылтайшы тарапынан берілген сыйлықтар жайында мәлімет қабылдансын.

Төраға

Хатшы

Эвгенкад Мамыр
Мамановос Мамыр

Қамқоршылық кеңес отырысының №4-хаттамасы

Қатысқандар: 10

22.05.2026ж.

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
2. 2025-2026 оқу жылының есебі
3. Мектепке дейінгі ұйымға ата-аналар тарапымынан балабақшаға спонсорлық көмек
4. Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі

Мәселелерді талқылау барысы:

1. Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі О.А.Лигус сөз алып, ең алдымен жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау екенін айтып өтті. Сонымен қоса, 1 маусым мен 31 тамыз аралығы жазғы сауықтыру кезеңі болып саналатынын, барлық әрекетінің түрлері таза ауада ұйымдастырылатынын, осыған орай балалар үшін күн тәртібі мен перспективті жоспары тәрбиешілерге таныстырылып, бекітілгенін толық айтып өтті. Ал, ата - аналар балаларын жазғы демалысқа алып кететіндер әдіскердің кабинетіне барып, орын сақталатын демалысқа өтініш жазатынын, жазғы демалыс 60 күнге рұқсат берілетінін айтып өтті. Бақшамызда жаз уақытында балалар міндетті түрде ашық бассейнге түсетінін, күні бойы өте қызықты ойындарды ойнап, таза ауада көп уақыттарын өткізетінін айтып, сөзін аяқтады.

2. Екінші мәселе «2025-2026 оқу жылының есебі» бойынша меңгеруші О.А.Лигус сөз алып, 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар негізінде жоспарланған барлық жұмыстар уақытылы орындалғанын, жыл бойына жоспарланған ертеңгіліктер мен тақырыптық сабақтар өткізілгенін, ата - аналар мен балаларға әр қашан әр түрлі тақырыпта кеңестер берілгенін, әр ай сайын «Салауатты өмір салтын ұйымдастыру» бойынша жоспарланған жарыстар мен сайыстар барлық топтарда уақытылы өткізілгенін, жыл бойына жоспарланған тәжірибе алмасу сабақтарын барлық педагогтар мен тәрбиешілер уақытылы өтіп, бақылау парақтары толтырылғанын, ұстаз платформасына енгізілгенін, бақшада өткен «Менің сүйікті тәрбиешім» көрмесі мен «Балалар

кітапханасы» кітаптар көрмесі өткізіліп, инстаграмм парақшасына салынғанын толық айтып өтті. Жыл бойына жоспарланған педагогикалық кеңестер, өндірістік кеңестер, әдістемелік кеңестер, ата –аналар жиналыстары, қамқоршылық кеңестер өткізілгенін, барлық хаттамалары толтырылғанын айтып, сөзін қорытындылады.

3. Үшінші мәселе бойынша «Мектепке дейінгі ұйымға ата-аналар тарапымынан балабақшаға спонсорлық көмек» жайында меңгеруші О.А.Лигус сөз алып, Жаңа жыл қарсаңында Лучик тобының ата - анасы Аитова Лейсан бақша балаларын жаңа жыл мерекесімен құттықтап, бір қорап банан алып келіп, балаларға таратып бергенін айтты. Ал, оқу жылының соңында Жауқазын тобының және Китенок тобының ата аналары жиналып, бақшамыздың ойын алаңына газон төсегенін айтып, бұл ата – аналар тарапынан бақшамызға спонсорлық көмек болғанын айтты.

4. Төртінші мәселе «Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі» бойынша сөз кезегін Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Л.И.Яворская алды. Ол Қамқоршылық кеңесті құрудың мақсаты – мектепке дейінгі ұйымды оның жарғылық міндеттерін іске асыру үшін қолдау, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны жақсарту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру болып табылатынын айтып, қамқоршылық кеңестің бірінші отырысында төраға, хатшы және мүшелері сайланғанын айтты. Кеңес барысында мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы жайында және жаңартуда талап ететін мәселелер жайында, жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру бойынша, МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру жұмыстары бойынша, қызметкерлердің аттестацияға дайындығы жайында айтылғанын және туындаған мәселелерді шешу жолдарын қарастырылғанын айтып өтті. Әр кеңестің соңында міндетті түрде бірауыздан шешім шығарып, сол шешімді негізге алып, жұмыстар жасалғанын айтып, сөзін аяқтады. Кеңес соңында шешім шығарылды.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыстары уақытылы орындалсын;
2. 2025-2026 оқу жылының есебі қабылдансын, жұмыстар жалғастырылсын;
3. Спонсорлық көмектер беріле берсін, жұмыстар жалғастырылсын;
4. Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі қабылданып, жұмыстар жалғастырылсын.

Төраға

Хатшы

Яворская Л.И.
Маманов А.М.

